

Мектептерге арналған «Талғамға талас бар» жобасына қатысу қағидалары

Мәтін бойынша бұдан әрі– «Қағидалар»

Алматы қ., Қазақстан Республикасы

2023–2024 жж.

1. Жалпы ережелер:

1.1. Осы Қағидалар «Талғамға талас бар» шартты атауымен іс-шаралар кешені аясында мектептерде оқитын кәмелетке толмағандар үшін ақпараттық іс-шараларды өткізу тәртібін, шарттарын және мерзімдерін (сатыларын, кезеңдерін), сондай-ақ мектептердің аталған іс-шараларға қатысуға Өтінімдерді беру тәртібін, мектепті осы іс-шараларды өткізу орны ретінде қабылдау тәртібі мен шарттарын анықтайды.

1.2. Мектептерде оқитын кәмелетке толмағандарға арналған ақпараттық іс-шаралар балалар мен олардың ата-аналары арасында салауатты тамақтануды танымал етуге бағытталған «Талғамға талас бар» шартты атауымен іс-шаралар кешенін жүзеге асыру мақсатында өткізіледі,

1.3. Бұдан әрі осы Қағидалардың мәтінінде «Талғамға талас бар» шартты атауымен іс-шаралар кешені аясында жүзеге асырылатын, мектептерде оқитын кәмелетке толмағандарға арналған ақпараттық іс-шаралар «Жоба» деп аталатын болады.

1.4. Жобаға қатыса отырып Жобаға Қатысушы қатысу үшін өтінімге қол қою арқылы осы Қағидалармен келісетінін растайды.

1.6. Осы Қағидаларда қолданылатын барлық терминдер мен белгілеулер Жобаны жүргізуге қатысты және олар тек осы Қағидаларда берілген мағынада ғана түсінілуі керек.

2. Жоба өткізілетін аумақ:

2.1 Жоба Қазақстан Республикасы, Алматы қаласында және «Интернет» желісінде мына веб-сайтта өткізіледі: *<https://bonduelle.kz/about/tastes>* (бұдан әрі – «веб-сайт»)

3. Жобаны өткізу мерзімдері:

- 3.1. Жобаны өткізудің толық кезеңі: 01.10.2023-01.05.2024 ж.
- 3.2. Мектептерден өтінімдерді қабылдау және оларды сайтта орналастыру кезеңі: 29.02.2024 жылға дейін.
- 3.3. Дауыс беру нәтижелерін санау және Жоба өткізілетін мектептерді анықтау кезеңі: 2024 жылғы наурыз.
- 3.4. Жобаға енгізілген іс-шараларды өткізу кезеңі -: 2024 жылғы сәуір-мамыр.
- 3.5. Ұйымдастырушы Жобаны өткізу сайтында күндердің өзгеруін жариялау арқылы Қатысушыларды бұл туралы хабардар етіп Жобаны өткізу мерзімдерін өзгерту және кейінге қалдыру құқығын өзіне қалдырады.

4. Жобаны ұйымдастырушы:

- 4.1. Жобаның Ұйымдастырушысы «Бондюэль-Қазақстан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болып табылады.
- 4.2. Ұйымдастырушының деректемелері:
Қазақстан, 050000, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Қонаев көшесі, 77-үй,
«Parkview Office» бизнес орталығы;
Тел.: +7-727-321-23-15;
БСН: 160640010337.

5. Жобаға қатысушылар және Жобаға қатысуға Өтінім беру:

- 5.1. Веб-сайтта орналастырылған Жобаға қатысуға Өтінімді (бұдан әрі – Өтінім) толтырған, оны Ұйымдастырушы қабылдағаны туралы растау алған, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бастауыш білім беру бағдарламасы бойынша білім беру қызметін көрсететін, тиісті түрде тіркелген/құрылған, осы Қағидаларға және осы Қағидалардың ережелері мен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес дербес

деректерді өңдеуге келісім берген заңды тұлғалар Жобаға қатысушылар болып табылады.

5.2. Осы Қағидалардың мәтіні бойынша Жобаға Қатысушылар «мектептер» деп те аталады.

5.3. Жобаның бір қатысушысы тек бір рет тіркеле алады; Бір жобаға қатысушының бірнеше Өтінім жіберуіне тыйым салынады.

5.4. Жобаға қатысушының атынан Өтінімді жергілікті актілерге, сенімхатқа және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті заңды әрекеттерді жасауға уәкілетті тұлға толтырады.

5.5. Ұйымдастырушы Өтінім беру кезінде жалған мәлімет берген және осы Қағидаларда мазмұндалған талаптарды бұзған жағдайларда Жоба Қатысушысын ескертусіз кез келген уақытта шеттетуге құқылы.

6. Жоба өткізілетін мектептерді анықтау:

6.1. Жоба *Конкурсқа қатысу қағидаларының* тәртібінде мерзімдері мен шарттарында ұйымдастырылған дауыс беру нәтижелері бойынша іріктеліп алынған мектептерде өткізіледі.

6.2. Дауыс беру нәтижелері бойынша оқыту бағдарламаларын жүргізу үшін анықталған мектеп Жобаны өткізуден бас тартқан және/немесе мұндай мектепте Жобаны өткізу Ұйымдастырушымен жойылған және/немесе Ұйымдастырушының еркінен тыс мән-жайларға байланысты өткізу мүмкін болмаған жағдайда Жоба дауыс беру нәтижелері бойынша анықталмаған мектептер арасындағы ең көп дауыс жинаған мектепте өткізіледі.

6.3. Мектептер веб-сайтқа өздері кіру арқылы дауыс беру нәтижелерін көре алады; Ұйымдастырушы Акцияға қатысушылардың дауыс беру нәтижелері туралы хабардар етілмегені/уақытында хабардар етілмегені үшін жауапты емес.

7. Жобаны өткізу:

7.1. Жоба осы Қағидаларға сәйкес анықталған мерзімдерде және мектептерде өткізіледі, 6 кезеңнен (аптадан) тұрады:

7.1.1. 1-кезеңде (аптада) Ұйымдастырушы атынан әрекет ететін Жобаны өткізуге уәкілетті қызметкерлер және/немесе Жобаны өткізу үшін Ұйымдастырушы шақырған тұлғалар (бұдан әрі «Ұйымдастырушының атынан әрекет етуші тұлғалар») мыналарды өткізеді:

- Кәмелетке толмаған оқушылардың ата-аналарымен Жоба және салауатты тамақтану туралы ақпаратпен таныстыра отырып және нутрициолог пен бағдарлама ұйымдастырушыларының қатысуымен жиналыс;
- Ата-аналар мен кәмелетке толмаған оқушылар арасында тамақтану және тамақтану әдеттері тақырыбы бойынша сауалнама (жазбаша немесе электронды түрде);

7.1.2. 2-кезеңде (аптада) Ұйымдастырушының атынан әрекет етуші тұлғалар кәмелетке толмаған оқушылармен бірінші ақпараттық сабақты өткізеді, салауатты тамақтану тақырыбы бойынша ақпарат береді, сонымен қатар әр оқушыға толтыру үшін жұмыс дәптерін береді;

7.1.3. 3-кезеңде (2-3-аптада) кәмелетке толмаған оқушылар Ұйымдастырушының атынан әрекет етуші тұлғалар берген дәптерді толтырады; Бұл кезең дәптерді толтыру және ақпаратты өз бетінше зерделеу арқылы балалар мен олардың ата-аналарының өз бетімен істейтін жұмысын тұспалдайды.

7.1.4. 4-кезеңде (аптада) Ұйымдастырушының атынан әрекет етуші тұлғалар кәмелетке толмаған оқушылармен салауатты тамақтану тақырыбы бойынша ақпарат беретін екінші ақпараттық сабақты өткізеді;

7.1.5. 5-кезеңде (аптада) Ұйымдастырушы арнайы мерекелік іс-шара өткізеді, оған Жобаға қатысушы кәмелетке толмаған оқушылар қатысады;

7.1.6. 6-кезеңде (аптада) Ұйымдастырушының атынан әрекет етуші тұлғалар мыналарды өткізеді:

- Кәмелетке толмаған оқушылардың ата-аналарымен, Жобаның нәтижелеріне арналған, қорытынды жиналыс;

- Кәмелетке толмаған оқушылар мен олардың ата-аналары арасында жоба нәтижелері, тамақтану және тамақтану әдеттері туралы сауалнама (жазбаша немесе электронды түрде).

7.1.7. Жобаны өткізудің барлық кезеңдерінде (апталарында) кәмелетке толмаған оқушылардың ата-аналары Ұйымдастырушының Интернет желісінде Жобаның веб-сайтында және Telegram-да ақпаратты орналастыру арқылы ақпараттық және консультациялық қолдау алады.

7.1.8. Жобаны өткізудің барлық кезеңдерінде Ұйымдастырушы кәмелетке толмаған оқушылардың рационын тамақтандыру Операторлары/мектептер/тамақтарды (тағам және сусындар) дайындауға / жеткізіп беруге жауапты басқа тұлғалар мен ұйымдар мектептерде оқитын кәмелетке толмағандарға ұсынатын ингредиенттерді/тағамдарды толықтыру/ауыстыру арқылы толықтыра алады. Консервіленген немесе мұздатылған Bonduelle брендінің өнімдерін пайдаланған жағдайда Ұйымдастырушы пайдаланылатын өнімдердің тиісті сапасы мен қауіпсіздігіне кепілдік береді.

7.2. Ақпараттық және басқа іс-шараларды, заттар мен өнімдерді беруді Ұйымдастырушы мен Ұйымдастырушының атынан әрекет етуші тұлғалар ақысыз негізде жүзеге асырады.

7.3. Қағидалардың осы бөлімінде көрсетілген іс-шаралар мектептердің аумақтарында, ғимаратында және сыныптарда, холлдарда, асханаларында мектептердің техникалық және ұйымдастыру құралдарын/жабдықтарын пайдалана отырып жүзеге асырылады.

7.4. Жоба аясындағы іс-шараларды өткізуге арналған нақты күндер, уақыттар, кабинеттер Ұйымдастырушымен және Жоба өткізілетін мектептер анықталғаннан кейін мектептермен бөлек келісіледі.

7.5. Ұйымдастырушы Қағидалардың осы бөлімінде көрсетілген іс-шараларды өткізудің техникалық, ұйымдастырушылық, әкімшілік тұрғыдан және/немесе өзге де мүмкін еместігі үшін жауапты емес; іс-шараларды өткізудің мүмкін

еместігін көрсететін мән-жайлар туындаған жағдайда Ұйымдастырушы біржақты тәртіпте және қандай да бір залалдарды/ағымдағы шығыстар мен шығындарды өтеусіз Жобаның өткізуден бас тартуға/Жобаны мерзімінен бұрын аяқтауға құқылы.

8. Ұйымдастырушының және Жобаға қатысушылардың (мектептердің) құқықтары мен міндеттері:

8.1. Ұйымдастырушының мыналарға құқығы бар:

- Мектептердің мәліметтері мен құжаттарын тексеру;
- Мектептердің Өтінімдерінің күшін жою/ Жобаны өткізуді болдырмау/ осы Қағидалардың ережелерін бұзған, соның ішінде жалған сәйкестендіру деректерін берген мектептерде Жобаны өткізуді мерзімінен бұрын аяқтау. Ұйымдастырушы осы Қағидаларды бұзудың бар-жоғын өз қалауы бойынша анықтайды;
- Даулы жағдайларды шешу үшін өз қалауы мен бастамасын қоспағанда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайлардан басқа мектептермен келіссөздерге түспеу немесе басқа байланыстар жасамау;
- Жобаны өткізу мерзімін ұзарту, Жобаны өткізуді мерзімінен бұрын тоқтату, дауыс беру нәтижелерін мерзімінен бұрын шығару және осы Қағидаларға кез келген басқа өзгерістерді енгізу, бұл туралы веб-сайтта тиісті ақпаратты орналастыру арқылы мектептерді хабардар етуге міндеттенеді;
- Қажет болған жағдайда мемлекеттік органдарға беру үшін мектептерден қажетті ақпаратты талап ету.

8.2. Ұйымдастырушы мыналарға міндетті:

- Жобаны осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен жүзеге асыру;
- Осы Қағидаларға сәйкес анықталған мектептерде осы Қағидаларда (Жобада) көзделген ақпараттық және басқа да іс-шараларды өткізу;

8.3. Жобаға қатысушылар (мектептер) мыналарға құқылы:

- Қағидалармен танысу және веб-сайтта жарияланған ақпаратты алу;
- Осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен Жобаға қатысу.

8.4. Жобаға қатысушылар (мектептер) мыналарға міндетті:

- оларды сәйкестендіру мақсатында Ұйымдастырушыға мынадай анық сәйкестендіру мәліметтерін беру: ұйымның/мекеменің атауы, ұйымдық-құқықтық нысаны, БСН, мектептің уәкілетті өкілінің тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, төлқұжат деректері, ұялы телефон нөмірі және электрондық поштасы;
- Ұйымдастырушының атынан әрекет етуші Жобаны өткізуге уәкілетті қызметкерлер және/немесе Ұйымдастырушы Жобаны өткізуге шақырған тұлғалардың Жобаны өткізуіне ешбір жолмен кедергі жасамау;
- Жобаға қатысатын әрбір сынып үшін Жобаның өткізілуі уақытында мектеп кестесінде ақпараттық сабақтарды өткізу үшін 2 сабақты (әрқайсысы 1 академиялық сағаттан) бөлу
- Осы Қағидалардың 7-бөліміне сәйкес балалар мен олардың ата-аналары арасында сауалнама жүргізуге рұқсат беру, сондай-ақ Жоба туралы ақпаратты ата-аналарға жеткізу мақсатында ата-аналар жиналысын өткізуге рұқсат беру.
- Ұйымдастырушымен жеке келісілген күндерде және уақытта осы Қағидалардың 7-бөліміне сәйкес Жобаны өткізу үшін барлық қажетті үй-жайларды, залдарды, ұйымдастырушылық жағдайларды және техникалық құралдарды қамтамасыз ету;
- Мектептерде оқитын кәмелетке толмағандар мен олардың ата-аналарын ақпараттандыру мақсатында Ұйымдастырушы ұсынған ақпараттық материалдарды (плакаттар, постерлер, баннерлер, цифрлық материалдар және жобаны өткізуге қажетті басқа да материалдарды) орналастыруды қамтамасыз ету /орналастыру; бұл жағдайда нақты орналастыру орындары, ақпараттық материалдарды беру күні мен уақыты Ұйымдастырушымен бөлек келісіледі;
- Ұйымдастырушының мектептерде оқитын кәмелетке толмағандар үшін тамақ (тағам және сусындар) жеткізуге/дайындауға жауапты Тамақтандыру

Операторларымен/мектептермен/өзге тұлғалармен және ұйымдармен коммуникациясын қамтамасыз ету;

- Барлық туындаған немесе туындауы мүмкін және Қағидалардың 7-бөлімінде көрсетілген іс-шараларды өткізудің техникалық, ұйымдастырушылық, әкімшілік тұрғыда және/немесе өзгеше мүмкін еместігін дәлелдейтін жағдайлар туралы дереу хабардар ету .

9. Дербес деректерді өңдеу бойынша Саясат:

9.1. Қағидалардың осы бөлімінде баяндалған дербес деректерді өңдеу бойынша саясат Жобаға Қатысушының қызметкерлеріне (бұдан әрі – «дербес деректердің субъектілері») қатысты ақпаратты пайдалану қағидаларын реттейді.

9.2. Жобаға қатысу арқылы Жобаға Қатысушы өз еркімен және өз мүддесі үшін әрекет ете отырып Ұйымдастырушыға және/немесе оның уәкілетті тұлғаларына Жобаға Қатысушы қызметкерлерінің дербес деректерін мынадай шарттармен өңдеуге келісім береді: дербес деректерді Ұйымдастырушы осы Жобаны іске асыруға байланысты пайдаланады. Келісім дербес деректермен мынадай әрекеттерді орындауға беріледі: дербес деректерді жинау, жазу, жүйелеу, жинақтау, сақтау, нақтылау (жанарту, өзгерту), шығарып алу, пайдалану, табыстау (беру, қолжетімділік), иесіздендіру, бұғаттау, өшіру, жою .

9.3. Өтінімді толтыру кезінде және Ұйымдастырушының сұрауы бойынша Ұйымдастырушыға ұсынылатын Жобаға қатысушының дербес деректер субъектілерінің дербес деректерінің тізбесі: тегі, аты, әкесінің аты, заңды тұлғаның атауы заңды тұлғаның тіркелген мекенжайы туралы ақпарат, телефон нөмірі (байланысу), e-mail мекенжайы.

9.4. Жобаға Қатысушының дербес деректер субъектілері Оператор туралы, оның орналасқан жері, Операторда тиісті дербес деректер субъектісіне қатысты дербес деректердің бар-жоғы туралы ақпаратты алуға, сондай-ақ мұндай дербес деректермен жазбаша түрде қандай болса (дербес деректер субъектісінің немесе

оның заңды өкілінің жеке басын куәландыратын негізгі құжаттың нөмірін, көрсетілген құжаттың берілген күні және оны берген орган туралы мәліметтерді, сондай-ақ дербес деректер субъектісінің немесе оның заңды өкілінің қолжазба қолтаңбасын қамтитын тиісті сұрау бойынша), телефон байланысы арқылы ауызша да сондай танысуға құқығы бар.

9.5. Дербес деректер субъектілері дербес деректерді өңдеуге берген келісімін қайтарып алуға құқығы, бұл Жоба Қатысушының кінәсі бойынша Жобаны дереу тоқтатуға әкеп соғады.

9.6. Осы Қағидаларда реттелмеген мәселелердің барлығы Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау туралы заңнамасына сәйкес реттеледі.

10. Қорытынды ережелер:

10.1. Ұйымдастырушы Жобаны ұйымдастыруға/өткізуге кедергі келтіретін және оның кінәсінен туындаған жағдайларға жауапты емес;

10.2. Ұйымдастырушының Жобаны өткізуге дейін/өткізу кезеңінде кез келген уақытта оны тоқтатуға/болдырмауға/мерзімінен бұрын аяқтауға, сондай-ақ келесі жағдайларда Өтінімнің күшін жоюға құқығы бар:

- Жоба іс-шаралардың мерзімдері/ толтыру бөлігінде бұзушылықтармен өткізілуі мүмкіндігін куәландыратын жағдайлардың туындауы, егер Ұйымдастырушы осы жағдайларға жауапты болмаса.
- Жобаға Қатысушының (мектептің) дұрыс емес сәйкестендіру мәліметтерін ұсынуы;
- Жобаға қатысушының (мектептің) жосықсыз әрекеті;
- Жобаға қатысушының (мектептің) осы Қағидалардың ережелерін бұзуы;
- Жобаға қатысушының (мектептің) Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуы;
- Осы Қағидаларда көзделген басқа жағдайларда.

10.4. Осы Қағидаларда реттелмеген барлық мәселелерде Ұйымдастырушы, оның қызметкерлері, Ұйымдастырушы іс-шараларды өткізуге тартатын тұлғалар, Жобаға Қатысушылар (мектептер), олардың қызметкерлері, сондай-ақ жобаға қатысушы барлық басқа тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.